

Б.С. Бокулева^{1*}, С.А. Исмагулова²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Банарас Хинду университеті, Үндістан, Варанаси қ.

*e-mail: aknazar0909@mail.ru

ҮНДІСТАНДА ТАБЫЛҒАН БАДР-АД ДИН ИБРАХИМНІҢ «ЗАФАНГУЙА ВА ДЖАХАНПУЙА» СӨЗДІГІНІҢ ТІЛДІК СИПАТЫ

Қазіргі шығыстанушы ғалымдардың алдында ерте ғасырда құрастырылған деректерге, сөздіктерге талдау жұмыстарын жүргізу және солардың тың деректерін ашу міндеті тұр. XIV ғасырдың басында Үндістанның солтүстік аймағында билік құрған Дели Сұлтанатында бірнеше тілдің лексикалық материалдарын қамтыған парсы тілінің түсіндірмелі сөздігі құрастырылды. Бұл Бадр-ад дин Ибрахимнің «Зафангуйа ва Джаханпуйа» (Сөйлейтін сөздік және оқитын әлем) атты сөздігі болып табылды. Орта ғасырлық түсіндірме сөздіктің құрамы мен құрылымын, түркі халықтарының өзге шығыс халықтарының тіліне ықпал етуін зерттеу қазіргі шығыстанушылар, солардың ішінде үндітанушылар мен түркітанушылар үшін теориялық және практикалық маңызы зор және өзекті мәселе болып табылады. Үнді тілдерінің ертедегі басқа тілдермен жанасуы сол тілдің тарихи даму үдерісін бастан кешкендігіне дәлел және оны ғылыми тұрғыдан зерттеу тек үнді тілдерінің тарихына ғана емес, басқа да көрші тілдердің тарихы үшін ғылыми маңызы бар.

Ғылыми мақаланың мақсаты Бадр ад-Дин Ибрахимнің «Зафангуйа ва Джаханпуйа» сөздігінің тілдік ерекшелігін, сипатын, зерттелу тарихын саралау және сөздікке енгізілген түркі лексикасына талдау жасау. Мақалада аталмыш сөздіктің құрылымына талдау жасалды, құрамындағы түркі сөздердің тақырыптық топтары жасалды.

Түйін сөздер: Үндістан, «Фарханг-и Зафангуйа ва Джаханпуйа», Бадр-ад дин Ибрахим, деректану.

B.S. Bokuleva^{1*}, S.A. Ismagulova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Banaras Hindu University, India, Varanasi

*e-mail: aknazar0909@mail.ru

The Linguistic Character of Badr ad-Din Ibrahim's Dictionary «Zafanguya wa Jahanpuya»

Modern Orientalists are faced with the task of analyzing data, dictionaries compiled in the early centuries and revealing their new data. In the Delhi Sultanate, which ruled in the northern region of India at the beginning of the XIV century an explanatory dictionary of the Persian language was compiled, containing lexical material of several languages. It was a dictionary by Badr-ad-Din Ibrahim called "Zafanguya wa Jahanpuya" (A dictionary that speaks and studies the world). The study of the composition and structure of the medieval explanatory dictionary, the influence of the Turkic peoples on the languages of other Eastern peoples is an important and urgent problem for modern Orientalists, including Indologists and Turkologists. The contact of Indian languages with other early languages is proof that this language has survived the process of historical development and its study has scientific significance not only for the history of Indian languages, but also for the history of other languages of neighboring peoples.

The purpose of the scientific article is to analyze the language specifics, character, history of studying the dictionary of Badr al-Din Ibrahim "Zafanguya va Jahanpuya" and the Turkic vocabulary in the dictionary. The article analyzes the structure of this dictionary, thematic groups of Turkic words are compiled.

Key words: India, "Farhang-i Zafanguya va Jahanpuya", Badr ad-din Ibrahim, source study.

Б.С. Бокулева^{1*}, С.А. Исмагулова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Банарас Хинду университет, Индия, г. Варанаси

*e-mail: aknazar0909@mail.ru

Лингвистический характер словаря Бадр-ад-Дина Ибрагима «Зафангуйа ва Джаханпуйа»

Перед современными востоковедами стоит задача провести анализ данных, словарей, составленных в ранние века и раскрыть их новые данные. В Делийском Султанате, правившем в северном регионе Индии в начале XIV века был составлен толковый словарь персидского языка, содержащий лексический материал нескольких языков. Это был словарь Бадр-ад-Дина Ибрагима под названием «Зафангуйа ва Джаханпуйа» (Словарь говорящий и мир изучающий). Изучение состава и структуры средневекового толкового словаря, влияния тюркских народов на языки других восточных народов является важной и актуальной проблемой для современных востоковедов, в том числе индологов и тюркологов. Контакт индийских языков с другими ранними языками является доказательством того, что этот язык пережил процесс исторического развития и его изучение имеет научное значение не только для истории индийских языков, но и для истории других языков соседних народов.

Целью научной статьи является анализ языковой специфики, характера, истории изучения словаря Бадр-ад-Дина Ибрагима «Зафангуйа ва Джаханпуйа» и тюркской лексики в словаре. В статье проведен анализ структуры данного словаря, составлены тематические группы тюркских слов.

Ключевые слова: Индия, «Фарханг-и Зафангуйа ва Джаханпуйа», Бадр-ад-дин Ибрагим, источниковедение.

Кіріспе

«Фарханг-и Зафангуйа ва Джаханпуйа» деп аталатын парсы тілінің ортағасырлық лексикографиясында өзіндік орны бар түсіндірме сөздікті Үндістанда XIV ғасырдың соңында тарихқа белгісіз автор Бадр ад-Дин Ибрагим құрастырған. Оның бұл еңбегінде араб, парсы және түркі тілдерінің лексикасымен қатар дарий, грек, арамей т.б бірқатар тілдердің сөздік қоры қамтылған. Қолжазбада жалпы саны 5170 сөзге түсіндірме жасалған.

XX ғасырдың 70-жылдары Кеңес одағының белгілі ғылыми қызметкері И.С.Баевский Ташкент мемлекеттік университетіндегі кітапханалық қорынан табылған белгісіз фархангнаманы тауып, зерттей келе табылған қолжазбаның әйгілі «Зафан гуйа ва Джахан пуйа» сөздігі екенін дәлелдеген болатын. Алғашқы рет сөздік 1974 жылы жарық көреді.

И.С. Баевский өз еңбегінде аталмыш сөздікке сипаттама беріп, талдау жасап, зерттелу тарихына тоқталды. 1974 жылы И.С.Баевский Бадр ад-Диннің «Фарханг-и-Зафангуйа ва Джаханпуйа» сөздігін баспадан шығарады, оның зерттеуі бойынша сөздік 239 беттік қолжазбаны құрайды (Баевский, 1974: 48).

И.С. Баевский Ибрагимнің сөздігін XIV ғасырда Үндістан жерінде жазылған сөздіктер

қатарына жатқызады. Демек сөздіктегі түркі тіліндегі материал XIV ғасырда Солтүстік Үндістанды мекендеген түркі тілдес халықтардың тілінің лексикалық және грамматикалық ахуалын бейнелейді. Сөздікке талдау жасау барысында ол елді-мекен бірнеше түркі және моғол тайпаларынан тұратындығы байқалды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Үндістанның солтүстігінде Дели Сұлтанатында бірнеше тілдің лексикалық материалдарын қамтыған парсы тілінің түсіндірмелі сөздігіндегі түркі лексикасының таралуын, қолданысын зерттеу үндітанушылар мен түркітанушылар үшін өте өзекті мәселе. Бұл мәселеге қатысты кеңестік үндітану ғылымында аздап сөз етілгенімен, Қазақстанда зерттелмеген тың тақырып болып табылады.

Үнді тілдерінің ертедегі басқа тілдермен жанасуы сол тілдің тарихи даму үдерісін бастан кешкендігіне дәлел және оны ғылыми тұрғыдан зерттеу тек үнді тілдерінің тарихына ғана емес, басқа да көрші тілдердің тарихы үшін ғылыми маңызы бар.

Орта ғасырлық түсіндірме сөздіктің құрамын, түркі халықтарының өзге шығыс халық-

тарының тіліне ықпал етуін зерттеудің қазіргі шығыстанушылар, түркітанушылар үшін теориялық және практикалық маңызы зор және қызықты мәселе болып табылады. Дели сұлтаны кезеңіндегі тілдік көріністі нақты дереккөзіне сүйене отырып қарастыру жан-жақты зерттеуге арқау болуымен өзекті.

Ғылыми мақаланың мақсаты: Бадр ад-Дин Ибрахимнің «Зафангуйа ва Джаханпуйа» сөздігінің тілдік ерекшелігін, сипатын, зерттелу тарихын саралау және сөздікке енгізілген түркі лексикасына талдау жасау болып табылады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Бұл мақалада салыстырмалы тарихи тұрғыдан талдау, жүйелеу, лингвистикалық сипаттау, саралау сынды ғылыми әдістер қолданылды. Сонымен қатар «Зафангуйа ва Джаханпуйа» сөздігінің зерттелу тарихын саралап, сөздіктегі түркі лексикасына тақырыптық, құрылымдық талдау жасалды. Сөздік құрамындағы түркі сөздері лексикалық тұрғыдан талданды.

Нәтижелер мен талқылаулар

«Зафангуйа ва джаханпуйа» сөздігінің құрастырушы Бадр ад-Диннің шығармасы өзінің құрылымдық жағынан да ерекшелігімен көзге түседі. Сөздік жеті үлкен бөліктерден (*бахи*) тұрады, оның ішінде бөлімдерге тарауларға бөлінген (*гуне*), ал тараулар өз кезегінде тармақтарға (*бахр*) бөлінген. Аталған бөліктердің әрқайсысы өзінше бір сөздікті құрайды десек те болады. Автор олардың әрқайсысына тақырып арнайды. Сөздіктегі сөздер қарастырылатын сөздің алғашқы әріптерінің реті бойынша орналасқан.

Сөздік өз заманындағы алғашқы ғылыми еңбек ретінде бағаланады. «Фарханг-и Зафангуйа ва Джаханпуйа» сөздігі парсы лексикографиясының тарихындағы парсы сөздерінің шығу тегіне қарай жүйелеу классификациялау тәжірибесіндегі алғашқы жұмыс ретінде лексикограф мамандар мен ғалымдардың қызығушылығын тудырып, назар аудартады.

Сөздіктің авторы басқа тілдерден алынған сөздерге ерекше бөліп қарастырады. Еңбектің 7 бөлімде түркі тілінен енген сөздер қарастырылады.

Бадр ад-Дин сөздігін зерттеуші, кеңестік ғалым С.И. Баевский «Зафангуйа ва Джаханпуйа»

сөздігінің құрастырушысы бөлімдер мен тараулар, бөліктерді атау үшін таңдаған терминологияны өзінен бұрынырақ, Үндістанда шамамен б.з. 701-1301 жылдар аралығында жазылған «Фарханг-и Фахр-и Каввас» сөздігінің авторына еліктеп алған болуы керек деп топшылайды. Алайда аталып отырған фарханг тек парсы лексикасына арналған сөздік болып табылады. Сондықтан ондағы парсы лексикалық материалды бөлім, тарау, бөліктерге бөлу әдісі тақырыптық қағидаға негізделіп жасалған (Баевский, 1974: 23).

«Зафангуйа ва Джаханпуйа» сөздігінің лексикалық құрамының сипаты

Бахш I. «Зафангуйа ва Джаханпуйа» сөздігінің бірінші бахшы С.И.Баевскийдің факсимиле-көшірмесінен көретініміздей, 1а-28б беттерінде орналасқан. Бадр ад-Дин бұл бахшты «Пехлеви және дарийлік сөздерге» арнайды. Сөздіктің бірінші бахшы лексикалық қоры жағынан басқа бахштармен салыстырғанда ең ауқымды бөлім болып табылады. Мұндағы берілетін лексика қоры сөздіктегі парсы сөздерінің жалпы көлемін құрап, өз бетінше бір шағын түсіндірме сөздік қызметін атқара алады.

Бірінші бахшта Бадр ад-Дин шыққан тегі мен түбірі бір сөздерге талдау жасай отырып, негізінен ең жиі қолданылатын тұрақты бірліктер – туыстық қарым-қатынасты білдіретін терминдер, күнделікті тұрмыста пайдаланылатын заттар, адамның дене мүшелерінің атаулары, аурулардың, киім кешек пен әшекей бұйымдарының атаулары, жер өңдеу мен ауылшаруашылығына қатысты терминдер, жыл санауға қатысты терминдер – ай мен күн, апта аттары, қашықтық пен өлшем, салмақ және т.б. бірліктерге түсіндірме жасайды. Сонымен қатар, мұнда жалқы есім сөздер – әмірлер мен әдеби кейіпкерлердің аттары, географиялық атаулар, этникалық ұғымдарды беретін сөздер мен әскери терминдердің де тізімін табуға болады.

Бахш II. Бұл бөлім «Дарийлік сөздер туралы» деген атпен беріледі. Бұл бөлім жиырма бір гунеден тұрады. Негізінен әдеби тілде қолданылатын екі түбірлі парсы лексикасының тізімін құрайды. Бахштың мазмұны бірінші бахштың құрамын қайталайды, яғни лексикалық шеңбері өте кең: еңбек құралдары мен тұрмыстық заттардың, аурулар мен дәрі-дәрмектердің атаулары, елдер мен аймақтардың, сондай-ақ, өсімдік және жан-

жануарлар әлеміне қатысты терминдер, минералдар мен пайдалы қазбалардың және әдеби кейіпкерлердің атауларын қамтыған.

Бахш III. Үшінші бахш қолжазбаның 36а-39 б. беттерін алады. Пехлевий және дарийлік сөздерден жасалатын етістіктер. Бахштың жалпы мазмұны жиырма үш гунеден тұрады. Мұнда тек инфинивтерге талдау жасалған. Бір түбірден жасалатын етістіктер, негізінен көнерген немесе сирек кездесетін жай етістіктер қарастырылған. Бахш өз ішінде гунелерге бөлінгенімен, бахрлар жоққа тән. И.С.Баевскийдің пікірінше, бұл түсіндірілетін сөздердің барлығы бірдей аяқталады.

Бахш IV. Төртінші бөлім 39а-43 б. беттеріне орналасқан. Екі нұсқада да бұл бахш «Тазийлік яғни араб сөздері туралы» деп аталады. Жиырма сегіз гунеден тұрады. Мұндағы материал парсы тілінде кеңінен қолданыс тапқан араб сөздері туралы түсіндірме береді. Негізінен бұл бахштың мазмұны ауылшаруашылығында қолданылатын сөздер мен тіркестер, географиялық атаулар, астраномиялық және математикалық өлшем, көлем, салмақ бірліктерін, әскери терминология, сондай-ақ, кейбір тұрмыстық жағдайда пайдаланылатын терминдерді қамтыған.

Бахш V. Бұл бөлім түпнұсқадағы қолжазбаның 43б-50а. беттерін алады. Бадр ад Дин Ибрахим бұл бахшты «Әр түрлі: араб, набатей және дарийлік сөздер туралы» деп атайды. Қолжазбаның үнділік нұсқасында да бесінші бахш осылай аталады, бірақ, набатей сөзінің орнында түркі сөзі қолданылады. И.С. Баевскийдің пікірінше бұл көшірмешінің қатесі болуы мүмкін. Бахш 9 гунеден тұрады. Бұл бөлімде де автор араб сөздеріне түсіндірме жасайды. Сонымен қатар мұнда набатей немесе арамей тіліндегі сөздеріне де талдау жасалған. Берілген бахштың негізгі мазмұны әр түрлі құбылыстарды білдіретін терминдер мен күнделікті тұрмыста қолданылатын үй заттарының, киім-кешек, әшекейлік бұйымдар мен музыкалық аспаптардың атауларына құрылған. Сөздіктің бұл бөлімінде сондай-ақ, кейбір этникалық терминдер, аурулар мен дәрі-дәрмек атаулары, біршама жан-жануарлар, құстар мен өсімдік, жеміс-жидек, бірқатар жалқы есімдер, яғни тарихи тұлғалар мен әдеби кейіпкерлердің аттары, пайдалы қазбалар мен минералдардың аттары, географиялық, яғни жер-су аттары және әскери

қару-жарақ атауларына қатысты терминология қарастырылған.

Бахш VI. Алтыншы бахш сөздіктің түпнұсқасының 50а-51б. беттерінде орналасқан. Автор бұл тарауды «Румилік сөздер туралы» деп қарастырады. Қолжазбаның үнділік нұсқасы да алтыншы бахш осы атаумен берілген. Бахш он алты гунеден тұрады және грек латын және сириялық сөздердің қысқаша сөздігі іспетті. Бахштың мазмұны шіркеулік иерархия титулатурасы, сол замандағы батыстың атақты ғалымдары, христиан дінінің белгілі қайраткерлері мен шіркеу қызметкерлерінің аты-жөні, сол кездегі әйгілі храмдар мен монастырлардың атауларын сөз етеді. Аталған бөлімде христиан дініндегі табыну атрибуттары, сириялық жылнама бойынша айлардың аттары, өсімдік, жан жануарлар мен құстардың аттары, ежелгі Грекия мен Византияға қатысты кейбір ұғымдар терминологиясы кездеседі (Наджиб, 1982: 72).

Бахш VII. «Зафангуя ва джаханпуйа» сөздігінің ең соңғы бұл бахшы қолжазбаның 51а – 53б. беттерінен орын алады. Бадр ад Дин бұл тарауды «Түркі сөздері туралы» деп атайды. Қолжазбаның үнділік нұсқасындағы жетінші бахштың атауымен сәйкес келеді. Бұл бөлім 17 гунеден тұрады. Бахштың жалпы мазмұнында негізінен қарапайым түркі немесе көне өзбек лексикасына талдау жасалған. Тарауда сонымен қатар туыстық қарым-қатынастарды белгілейтін сөздер, сан есім көрсеткіштері, үй-тұрмыс заттарының, жан-жануарлар мен құстардың аттары және бірқатар етістіктердің формасы берілген. Мұндағы берілген материалдың құрамынан әдеби терминдер емес, сол кездегі күнделікті тұрмыста қолданылған ауызекі тілдің лексикасын аңғаруға болады.

Фархангнаманың соңғы 53б – 54а беттерінен орын алатын қосымша бөлімді Бадр ад-Дин Ибрахим «Кейбір метафоралық мағынасы бар парсы сөздері туралы» деген атаумен белгілейді. Бұл бөлім үнділік нұсқада да өзгеріссіз осындай атаумен берілген. Бұл қосымшада автор парсы тіліндегі ауыспалы мағынасы бар кейбір сөздер мен сөз тіркестеріне түсіндірме жасап кетеді. Талданған идиомалар парсы лексикографиясының дәстүрлі стилінен ауытқып, алфавиттік тәртіппен сөздердің бірінші әріптерінің реті бойынша орналастырылған. С.И.

Баевский факсимеледе қолжазбадан бірнеше мысал келтіреді (Бадр ад-Дин Ибрахим, 1974:38).

Бадр ад-Дин Ибрахим сөздігінің негізіндегі түркі лексикасы

Бадр ад-Дин Ибрахим сөздігі XIV ғасырда Солтүстік Үндістанда Дели сұлтандығының билік құрған тұсында құрастырылған лексикографиялық еңбек екендігін жоғарыда айттып кеткен болатынбыз. Оның құрамындағы парсы-түркі сөздер тізімінің түркі тілді бөлігі жергілікті түркі тілдес халықтардың лексикасын айқындайтын, парсы тіліндегі түркі элементтерінің игерілуі берілген – осы лексикалық материалдар түркітану саласында зерттеу нысанына айналып, түркі тілдерінің тарихын зерттеуде құнды дерек болып саналады (Iskakova, 2012: 1935).

Ең әуелі түркі сөздерінің көбісі архаикалық екендігін атап өтуіміз керек. Бұл толықтай түсінуге болатын жағдай, мысалы: белгілі бір түркі тайпасы өз туған жерінен алыста жүріп тілдеріндегі сөздерді көне (байырғы) формасы мен алғашқы мағынасында қолдануын айтуға болады. Бұл көне (байырғы) түркі сөздері парсы сөздіктері мен әдеби шығармаларынан алынған және еш өзгерусіз оларда сақталған. Олар туыстық атаулар, адамның дене мүшелері, тағамдар, киімдер қару-жарақ, флора мен фауна, табиғат құбылыстар, өлшем бірлігі, адамзаттың рухани өмірімен байланысты атаулардың басым бөлігі зат есім ретінде көрсетілген (Наджип, 1989: 47).

Бадр-ад Дин Ибрахимнің сөздігіндегі түркі сөздерін Э.Наджип төмендегі семантикалық топтарға бөліп зерттеді: туыстық атаулар, адам дене мүшелері, адам өмірінің рухани саласы, адамдар, жануарлар және заттарды сипаттайтын сөздер, киім-кешек, әшекей атаулары, қару-жарақ атаулары, тағам атаулары, табиғат құбылыстары, флора-фауна әлемі т.б.

Бадр ад-Дин Ибрахимнің сөздігінің VII ші бахшы «Түркі сөздері туралы» деп аталатын тарауға арналған. Сөздікте қарапайым түркі лексикасы – Э.Наджиптің пікірі бойынша ескі өзбек тіліндегі сөздер берілген. Түркі сөздерінің әдеби, күрделі сөздер емес, ауыз екі тілдегі сөздер екендігі анықталды. Төменде сөздіктегі түркі сөздерінің үзіндісі берілген. Төменде И.С.Баевскийдің көшірмесінен іріктеліп алынған, қазақ тілінде күні бүгінге дейін қолданыста

жүрген сөздердің тізімі берілген. Кеңестік дәуірдің белгілі түркітанушысы Э.Наджиптің классификациялаған жүйесі бойынша оқырманға ыңғайлы ету мақсатымен латын транскрипциясымен және қазақ тіліндегі аудармасы мен мағынасы көрсетілген.

I. Туыстық атаулар

Адамдар арасындағы туыстық қатынастарды анықтайтын терминдер жалпы кез келген тілдің анағұрлым тұрақты лексикалық бірліктері болып саналады. Зерттеушінің пайымдауынша, тізімге алынған сөздердің негізгі бөлігі оғыз тілінен шыққан сөздер, ал олардың ішінде кейбіреулері қазіргі өзбек тілінің лексикасымен сәйкес келеді (Наджип, 1989: 253). Төмендегі тізім қазақ тілінің лексикасымен сәйкестендіріліп берілген. Э.Наджиптің зерттеуі бойынша қазақ тілінде бар сөздер: ата, ана, аға, іні, апа, келін, қыз, жеңге, балдыз (Наджип, 1982: 75). Ал С.И.Баевскийдің факсимилесінен табуға мүмкін болған сөздер төмендегідей:

1. *اتا* [ataa] – ата з.е. туған әке, өз әкесі.
2. *انا* [anaa] – ана з.е. 1. Туған шеше 2. Жалпы шеше.
3. *اغا* [aaga] – аға з.е. ағайынды адамдардың жасы үлкені.
4. *ینی* [ini] – іні.
5. *اپا* [opa] – апа
6. *قىز* [qiiz] – қыз.
7. *چىنكە* [zhenke] – жеңге.

II. Адамның дене мүшелерінің атаулары

Сөздіктің бұл бөлігінде қырық екі сөз берілген. Оның ішінде Э.Наджиптің зерттеуінде берілген тізімде: аяқ, ерін, бұт, тырнақ, тірсек, сіңір, тамыр, құлаш, қарақ, кіндік, өзек, қол, еңсе сөздері берілген. Ал факсимиледен кездескен сөздерді төменнен көруге болады:

1. *اياق* [aayaq] – аяқ з.е. дене мүшесі.
2. *بوت* [buut] – бұт аяқ.
3. *تىرناق* [yrnaaq] – тырнақ.
4. *ساقال* [saqaal] – сақал.
5. *قۇلاش* [qulaash] – құлаш.
6. *كىندىك* [kindik] – кіндік.

III. Тұрмысқа қатысты сөздер

Э.Наджип С.И.Баевскийдің факсимилесіне сүйене отырып, өз зерттеу жұмысында бұл бөлімнен 114 сөзді тіркейді. Бұл сөздердің

көпшілігі азды-көпті айырмашылықтармен қазіргі түркі тілдерінде қолданылады. Сонымен қатар, бұл бөлімде берілген материалдан сол кездегі түркі тілінің грамматикалық құрылысынан біршама мәліметтер алуға болады. Зерттеудің тізімінде берілген лексиканың ішінен қазақ тіліне қолданылатын сөздер мыналар: *tizgin*, *шатыр*, *кірпіш*, *жүген*, *арпа*, *сатушы*, *ұлыс*, *сыбызғы*, *таңба*, *ақсақ*, *отау*, *саты*, *құйысқан*, *қауға жіп*. С.И.Баевскийдің факсимилесінен ажыратып, оқуға мүмкін болған сөздердің тізімі төмендегідей:

1. *تیزگین*[*tizgiy*] – тізгін.
2. *کیرپیش*[*kirpiş*] – кірпіш.
3. *تامغا*[*tamga*] – таңба.
4. *احساق*[*ahsaq*] – ақсақ.

IV. Адамның рухани өміріне қатысты сөздер

Бұл бөлімде негізінен орта ғасырлардағы тарихи жазба ескерткіштерді кездесетін сөздерге баса назар аударылады, олар орта ғасырларда кеңінен пайдаланылғанымен және қазіргі заманауи түркі тілдерінде қолданыстан шыққан сөздер болып табылады. Олардың мағынасын түркі жазбаларының ескерткіштеріндегі контексттерден (мәтін) табуға болады. Э.Наджип классификациясы бойынша: *тәңірі*, *жаратқан*, *жыр*, түркі сөздері, ал факсимиледен төмендегідей сөздерді оқимыз:

1. *تەنگری*[*tankri*] – Тәңірі.
2. *ییر*[*yir*] – жыр.

V. Адам, жануар және заттардың сын-сапасын сипаттайтын сөздер

Адамның тұрмыстық жағдайына байланысты, тізімде көптеген сөздер тіркелген. Төменде келтірілген сөздер, ерте орта ғасырлық сөздіктер мен ескерткіштерде кездеседі және түсіндіруді қажет етпейді. Олар кішкене ғана фонетикалық өзгерістерге ұшырап, заманауи түркі тілінің барлығында қолданылады. Э.Наджиптің зерттеуінен алынған тізімнен қазіргі қазақ тілінің қорында бар сөздер: *тетік*, *құла*, *қоңыр*, *көрмес соқыр*, *сұлу*, *жарылқа*, *істік*, *торы*.

VI. Киім кешек, әшекей бұйымдар атаулары

Э.Наджип топтастырған бұл тізім бөрік, башмақ, сырға, інжу, білезік, талшық, жақұт, тон, моншақ, қоныш сөздерінен тұрады. С.И.Баевскийдің факсимелесінен төмендегі сөздерді анық оқуға болады:

1. *باشماق*[*bashmaq*] – башмақ.
2. *ینجو*[*inju*] – інжу.
3. *بیلازگ*[*bilazyk*] – білезік.
4. *تالشق*[*talshyq*] – талшық.
5. *تون*[*ton*] – тон.
6. *قونش*[*qonysh*] – қоныш.

VII. Қару жарақтың атаулары

Э.Наджиптің классификациясы бойынша берілген бұл бөлімде бар жоғы үш сөз талданған: *tastaq*, *kirish* және *basaq*. Алайда қазіргі қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде бұл сөздер жоққа тән.

VIII. Тағамдар мен сусындардың атауы

Бұл бөлімге кіретін лексикалық бірліктердің жалпы сан онға жетеді. Олардың басым бөлігі қазіргі заманғы барлық түркі тілдес халықтардың тілдерінде (болмашы ғана фонетикалық ерекшеліктерді есептемегенде) күні бүгінге дейін сақталып қалған. Төменде әдеттегідей қазақ тіліде қолданылатын сөздердің тізімін беріп кетуді жөн көрдік.

1. *آس*[*aas*] – ас.
2. *تۇز*[*tuuz*] – тұз.
3. *ەت*[*et*] – ет.
4. *سۇ*[*su*] – су.
5. *سۈت*[*suut*] – сүт.
6. *ایران*[*ayraan*] – айран.

IX. Адамның әрекеті мен жай-күйін сипаттайтын сөздер

Түркі және парсы сөздерінің жалпы тізімінде Бадр ад Дин адамның әрекеті мен жай-күйін сипаттайтын жиырма алты сөзді тіркеген. Мұнда берілген лексикалық бірліктердің барлығы түрлі грамматикалық формада келтірілген және семантикалық тұрғыдан қарағанда олар (әсіресе етістіктер) қазіргі заманғы түркі тілінде қолданылатын мағыналарынан мүлдем алшақ кетпейді. Сонымен қатар Э.Наджиптің айтуынша, автордың жіберген қателерінің салдары-

нан кейбір сөздерді оқып, олардың мағынасын талдау қиынға түсіп отыр. Сондай ақ зерттеуші мұндағы материалдардың негізінде сол кездегі түркі тілінің грамматикалық құрылымынан хабар алуға деп тұжырымдайды. Мұнда берілетін кейбір егістіктер өткен және келер шақтың формасында берілгендігін алға тартады. Мұнда Э.Наджиб тоғыз сөзге талдау жасайды. Алайда оның үшеуін қазіргі қазақ тілінің тәжірибесінде бар екенін көреміз: *тың*, *бұлақ* сөздері енді (Наджиб, 1982:76). Факсимиледен екі сөздің нұсқасын оқуға болады: *تینگ*[tyng] – тың және *بۇلاق*[bulaq] – бұлақ.

Х. Табиғат әлемі

Э.Наджиб факсимелеге сүйене отырып «Зафангуйа» сөздігінде Бадр ад Дин табиғат әлеміне қатысты жиырма үш сөздің тізімін сипаттайды. Зерттеуші жұмысында олардың ішінен 11 сөзге сипаттама жасауға тырысқан. Солардың ішінен қазақ тілінде қолданыста бар сөздерді қарастыратын болсақ, Э.Наджибтің еңбегінде төрт сөз: *үркек*, *темірқазық*, *қорғасын*, *жазық* сөздері табылды. Ал факсимиледен *تەمۈر قازىق*[temurqazyq] – темірқазық сөзін кездестіруге болады.

ХІ. Фауна немесе жан жауарлар әлеміне қатысты терминдер

«Зафангуйа» сөздігінде бұл салаға қатысты елу үш сөз тіркелген яғни сөздіктің бүкіл қорының он пайызы жануарлар әлеміне арналған терминдер болып табылады. Э.Наджибтің пікірінше, бұл сала терминдері негізінен Солтүстік және Орталық Үндістан территориясын мекендеген халықтардың түркі тілдес бөлігінің күнделікті тұрмысында қолданған лексикасының көрінісін елестеді.

«Зафангуйа ва Джаханпуйа» сөздігі қамтыған бұл сөздердің көпшілігі әлі күнге дейін сол қалпында, кейбіреулері аздаған фонетикалық айырмашылықтармен қазіргі заманғы түркі тілдес халықтардың лексикасын толықтырып жүр. Э.Наджибтің зерттеуінен табылған сөздердің жалпы тізімі: *ат*, *ит*, *өгіз*, *мешін*, *ешкі*, *бөрі*, *қоян*, *теке*, *сиыр*, *су сиыр*, *құндыз*, *жылан құлын*, *сусар*, *саулық*, *қысрақ*, *қарсақ*, *құлын*, *қабылан* (Наджиб, 1982:76). Алайда факсимиледен оқуға мүмкін болған сөздер мынадай:

1. *آت*[aat] – ат.
2. *یت*[it] – ит.
3. *تەكە*[teke] – теке.
4. *مۈسۈق*[mysuq] – мысық.

Э.Наджиб сонымен қатар, Бадр ад-Дин Ибрахимнің қолжазбасында Үндістанда негізгі және көп кездесетін жануар пілдің аты берілмейтіндігін ескеріп кетеді. Бұл бөлімге кіретін құстар мен ұшатын жәндіктердің 24 тарта саны беріледі. Олардың қазақ тілінде танымал атаулары: *шіл* (*шілік*), *лашын*, *қарқұлақ*, *қаз*, *шыбын* сөздері (Наджиб, 1982:76). С.И.Баевскийдің факсимилесінен тек *قاز*[qaaz] – қаз сөзін кездестірдік.

ХІІ. Флора немесе өсімдіктер әлеміне қатысты терминдер

Бадр ад-Дин өз еңбегінде өсімдіктер әлемінің отыз екі бірлігінің атауын қамтиды. Бұл тізімді негізінен жеміс ағаштары, бақшалық дақылдар, ауылшаруашылығында көп пайдаланылатын дөңді-дақылдардың атаулары құрайды. Әсіресе ауылшаруашылық өнімдері толығырақ қамтылған. Э.Наджибтің зерттеуінде келесі қазақ тілінде бар сөздерге талдау жасалған: *сарымсақ*, *саман* (*сабан*), *қауын*. Алайда Э.Наджибтің жұмысында аталмағанымен, осы топқа жатқызуға болатын екі сөзді факсимиледен оқуға болады:

1. *[الما]*alma] – алма.
2. *بۇتاق*[butaq] – бұтақ.

ХІІІ. Қашықтық, уақыт және санға қатысты терминдер

Сөздікте кездесетін сан есімдерді зерттеуші қазіргі өзбек тілімен салыстырып береді. Берілген жұмыста негізінен қазақ тіліне қатысты тізім келтірілген. Э.Наджибтің топтастырған тізімінде *екі*, *алпыс*, *алты*, *тоқсан*, *мың*, *жетпіс*, *жеті*, *жүз*, *үш*, *төрт*, *тоғыз*, *жиырма*, *қырық*, *бүгін*, *сан*, *жақын*, *аз*, *құлаш* сөздерін көреміз. И.С.Баевскийдің еңбегінен оқылатын 12 сөз мынадай:

1. *ەكى*[eki] – екі.
2. *التمۈش*[aaltmysh] – алпыс.
3. *التى*[aalty] – алты.
4. *جەتمىش*[jetmish] – жетпіс.

5. *بیتی*[*jeti*] – жеті.
6. *يوز*[*yuz*] – жүз.
7. *يگيرمى*[*jigirmi*] – жиырма.
8. *قىرق*[*qyrq*] – қырық.
9. *سان*[*san*] – сан.
10. *ياقىن*[*jaqyn*] – жақын.
11. *از*[*aaz*] – аз.
12. *قۇلاش*[*qulash*] – құлаш.

«Бадр ад Дин сөздігінің негізіндегі түркі лексикасы» бөлімінің соңында айта кететін жай белгілі түркітанушы Э.Наджип пен кеңестік ирантанушы ғалым С.И.Баевскийдің еңбектеріне назар сала отырып, бірінші зерттеушінің жұмысынан табылған сөздерді факсимиледен табу көп жағдайда мүмкін болмады. Жұмыста сілтеме жасалған беттердің сәйкес келмеуі себебінен біршама қиындықтар туындады.

Мәселен, [*الما* *alma*] – алма, [*بۇتا* *butaq*] – бұтақ секілді жоғарыда келтірілген сөздер факсимиледе жетерлік. Мұндай сұрақтарға жауап беру үшін бұл еңбектерді келешекте егжей-тегжейлі зерттеу қажеттілігі туындайтыны анық. Сондықтан бұл мәселенің шешімінің жауабын табу парсы тілін жоғары деңгейде меңгерген ирантанушы болып қана қоймай, білікті түркітанушы, түркі тілдерін, оның ішінде қазақ тілін де өте жақсы меңгерген мамандардың басшылығымен осы жұмыстар қолға алынып, тиісті деңгейде зерттелсе деген ұсыныс туындайды.

Түркі әлемі мен Шығыс елдерінің арасындағы тарихи, мәдени-тілдік байланыстарды зерттеу шығыстанушыларды толғандырған өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Түркі тілдері орасан зор территорияға таралған және өзін қоршаған көптеген тілдермен қарымқатынасқа түсіп, әлі де байланысын жалғастырып отыр. Үнді тілдерінің қазіргі уақыттағы және ертедегі басқа тілдермен жанасуы сол тілдің тарихи даму үдерісін бастан кешкендігіне дәлел және оны ғылыми тұрғыдан зерттеу тек үнді тілдерінің тарихына ғана емес, басқа да көрші тілдердің тарихы үшін ғылыми маңызы бар. Мыңдаған жылдық тарихы бар түркі және Шығыс елдерінің мәдени қарым-қатынастарының осы тілдердің сөздік қорына «із» қалдырғаны сөзсіз (Бокулева, 2013:455).

Қорытынды

Дели сұлтанаты кезеңінде Үндістанда жазылған Бадр ад-дин Ибрахимнің «Зафан-гуя ва Джаханпуйа» сөздігінің құрамын және сөздікке енген түркі сөздерін зерттеу арқылы төмендегідей тұжырымдар жасалды:

1. Қазіргі үнді тілдерінің сөздік қоры тек өзінің ішкі факторлары арқылы ғана емес, лексикалық қорды дамытудың сыртқы көздерін пайдалану және өзге тілдерден енген кірме сөздер арқылы да толығып, кемелденіп отырады. Үнді халқының тарихы көптеген елдермен тығыз байланыста дамығандығы тілдің сөз байлығының құрамынан айқын байқалады. Халықтар арасында ертеден тек тұрмысқа қажетті заттар ғана емес, сонымен қатар, мәдениет пен рухани байлық та бір-бірінен кеңінен ауысқан. Оның дәлелі ретінде тілдің сөздік қорына өзге тілден енген кірме сөздерді айтуға болады.

2. XIV ғ. Дели Сұлтанаты тұсында Бадр-ад-дин Ибрахим мемлекеттің аралас тілінің лексикалық сөздігін құрастырған. Бадр-ад-дин Ибрахим сөздікті құрастыру барысында ертедегі парсы түсіндірмелі сөздіктерін пайдаланған. Парсы әдеби тіліне түркі элементтерінің енуі тарихи түркітануда, тарихи лексикология мен лексикография салаларында өзекті мәселеге айналып, сөздіктің құндылығын арттырды.

3. Екі немесе одан да көп тілдердің географиялық және қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда араласуын тілдік қарым-қатынастар деп атауға болады және тіларалық ықпалдастыққа әлеуметтік, экономикалық, мәдени, діни, саяси, психологиялық, көршілік факторлар ықпал етеді. Бұндай тілдік қарым-қатынастар, сөз ауысу үдерістері Дели сұлтанаты кезеңінде кеңінен таралған.

4. Сөздікте берілген лексиканың сандық құрамы төмендегідей: бір түбірді парсы сөздері 1725, парсы күрделі сөздері – 527, парсы етістіктері – 247, араб сөздері – 415, араб-парсы-набатей сөздері – 490, руми сөздері – 55, түркі сөздері – 590. Осылайша, Ибрахимнің сөздігі 3968 сөзден құралған көптілді сөздік саналады.

5. Бадр-ад-дин Ибрахимнің сөздігіндегі түркі сөздерін төмендегі семантикалық топтарға бөлуге болады: туыстық атаулар, адам дене мүшелері, адам өмірінің рухани саласы, адамдар,

жануарлар және заттарды сипаттайтын сөздер, киім-кешек, әшекей атаулары, қару-жарақ атаулары, тағам атаулары, табиғат құбылыстары, флора-фауна әлемі т.б. Түркі сөздерінің басым бөлігі көнерген сөздер. Бадр ад-Дина Ибрахимнің

сөздігінде «Түркі сөздері туралы» атты тарауы бар (VII Бахш). Сөздікте қарапайым түркі лексикасы – ескі өзбек тіліндегі сөздер берілген. Түркі сөздерінің әдеби, күрделі сөздер емес, ауыз екі тілдегі сөздер екендігі анықталды.

Әдебиеттер

- Ашрафян К.З. (1960). Делийский султанат. – М.: Восточная литература, – 267 с.
- Бокулева Б.С. Искакова З.Е. (2013). Дели султанатындағы түркі тілі (XIVғ.): Бадр ад Дин Ибрахимнің «Farhang-I zafanguja va zahanpuja» атты сөздігі негізінде. // «10-шы өркениет жолы халықаралық конференция. – Алматы, –Б. 453-458.
- Iskakova Z.E., Bokuleva B.S., Zhubatova B., Alzahbaeva U. (2012). Turkic – Indian Lexical Parallels in the Framework of the Nostratic Language’s Macrofamily. // International Conference on Turkish and Eurasian Studies. – Paris,– Issue 71. – P. 1934-1937.
- Кадырбаев А.Ш. (2004). Тюрки в истории Индии – М., – С. 151-166.
- Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі.(1966). – Алматы, 1966. – 564 б.
- Наджиб Э.Н. (1989). Исследование по истории тюркских языков XI – XIV вв. – М., Наука,– 291 с.
- Наджиб Э.Н. (1982). Тюркский язык Делийского султаната XIV века / Советская тюркология. № 2. – Баку: Элм, С. 70-88.
- Наджиб Э. Н. (2007). Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур. – Туркестан : МКТУ, – 268 с.
- Рубинчик Ю.А. (1985). Персидско-русский словарь. – Тегеран, -577 с.
- Syed M.H. (2020). History of Delhi Sultanate. – Delhi, – 632 pp.
- Turkic Languages in Contact. (2006). – London,– 321 p.
- Turkish History and Culture in India.(2020). – Amsterdam: Brill’s Indological Library, Volume:53,– 402 pp.
- Фарханг- и зафангуйа ва джаханпуйа (Словарь говорящий и мир изучающий). Факсимиле рукописи / Бадр ад-Дин Ибрахим; Изд. текста, введ., список толкуемых слов, прил. С. И. Баевского. (1974). – Москва: Наука.– 314 с.
- श्रीवास्तव आ.ल. (2020). मुगलकालीन भारत (1526-1803). – दिल्ली, - 253 प.**
- श्रीवास्तव आ.ल. (2020). दिल्ली सल्तनत (711-1526). – दिल्ली, - 298 प.**

References

- Ashrafian K.Z. (1960) Deliski sultanat [Delhi Sultanate]. Oriental literature, Moscow.
- Bokuleva B.S., Iskakova Z.E. (2013) , Deli sultanatindagi turki tili (XIVg.): Badr ad Din Ibrahimmin «Farhang-I zafanguja va zahanpuja» atty sozdigi negizinde [Turkic language in the Delhi Sultanate (14th century): Based on the dictionary " Dictionary speaking and studying the world» by Badr ad Din Ibrahim // 10th Way of Civilization International Conference], Almaty.
- Iskakova Z.E., Bokuleva B.S., Zhubatova B., Alzahbaeva U. (2012) Turkic – Indian Lexical Parallels in the Framework of the Nostratic Language’s Macrofamily. // International Conference on Turkish and Eurasian Studies. Issue 71. – P. 1934-1937. Paris
- Kadyrbayev A.S. (2004) Turki v istorii Indii [Turkic in Indian history]. Moscow.
- Kazak tilinin qysqasha etimologialyq sozdigi (1966) [Brief etymological dictionary of the Kazakh language]. Almaty.
- Nadjip E.N. (1989) Issledovanie po istorii turkskih yazykov XI – XIV vv. [Research on the history of the Turkic languages of the 11th – 14th centuries]. Science, Moscow.
- Nadjip E.N. (1982) Turkski yazyk Deliskogo sultanata XIV veka / Sovetskaya turkologia [Turkic language of the Delhi Sultanate of the XIV century / Soviet Turkology]. No. 2. PP. 70-88. Elm, Baku.
- Nadjip E.N. (2007) Regiony I etapy formirovaniya turkskih pismennyh yazykov I literatur [Regions and stages of the formation of Turkic written languages and literatures], Turkestan.
- Rubenchik Y.A. (1985) Persidsko-russkii slovar [Persian-Russian Dictionary],Tehran.
- Syed M.H. (2020) History of Delhi Sultanate, Delhi.
- Turkic Languages in Contact. (2006), London.
- Turkish History and Culture in India (2020). Volume:53, Brill’s Indological Library, Amsterdam.
- Farhang-I zafanguja va zahanpuja (Slovar givoryashih I mir izuchaiushi). Faksimile rukopisi / Badr ad-Din Ibrahim; Izd. teksta, vved., spisok tolkuemyh slov, pril. S. I. Baevskogo. [Dictionary speaking and studying the world. Facsimile of the manuscript / Badr ad-Din Ibrahim; Ed. text, introduction, list of interpreted words, adj. S. I. Baevsky]. (1974) Science, Moscow.
- Shrivastav A.L. (2020) Mugalkalin Bharat (1526-1803) [Mughal India (1526-1803)], Delhi.
- Shrivastav A.L. (2020) Dilli Sultanat (711-1526) [Delhi Sultanate (711-1526)], Delhi.